

**Халықтың, сондай-ақ шаруашылық қызметте пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ онда өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу жөніндегі ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы N 218 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2267 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2267 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен*

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау және "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Халықтың, сондай-ақ шаруашылық қызметте пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ онда өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу жөніндегі ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 4

а қ п а н д а ғ ы

N

2 1 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Халықтың, сондай-ақ шаруашылық қызметте пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ онда өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу жөніндегі ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленген және халықтың, сондай-ақ шаруашылық қызметте пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді (бұдан әрі - өнім) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ онда өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар санитарлық-карантиндік бақылауды және ағымдағы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүргізудің барысында Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын және аумағын жұқпалы, карантиндік және паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан сақтау мақсатында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, өндірілетін, қолданылатын және сатып алынатын өнімдерді қарауды жүргізеді.

## **2. Халықтың пайдалануына арналған өнімді әкелуге, өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу тәртібі**

3. Өнім әкелу, өндіру, сату және қолдану кезінде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес қауіпсіз және тиісті нормативтік-техникалық құжаттамасы болуы тиіс. Z070301

Өнімнің қауіпсіздігі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің лауазымды адамдары беретін санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының (гигиеналық сертификаттың) болуымен расталады.

4. Халықтың, сондай-ақ шаруашылық қызметте пайдалануына және қолдануына арналған өнімді мынадай кезде Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, қолдануға және сатуға рұқсат етілмейді:

- 1) оның нормативтік-техникалық құжаттамасына және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмегенде;
- 2) оның қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар болмағанда;
- 3) адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерінің мемлекеттік тіркелуі болмағанда;
- 4) өнімнің жалғандығы анықталғанда;
- 5) жарамдылық және (немесе) сақтау мерзімі өтіп кеткенде немесе екі ай ішінде өтетін жарамдылық мерзімі болғанда (тез бұзылатын өнімнен басқа);
- 6) оны халықтың денсаулығы мен тіршілік ету ортасы үшін қауіпті деп танығанда;
- 7) жұқпалы аурулардың немесе жаппай жұқпалы емес аурулар мен уланулардың пайда болуы және таралу қаупі төнгенде.

5. Халықтың және шаруашылық қызметте пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді өндіруге мынадай кезде тыйым салынады:

- 1) өндіріс объектісі мен технологиясының санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкессіздігі;
- 2) өнімдерді өндірудің технологиялық процесін сақтау үшін қажетті өндірістік және технологиялық жабдық, аппаратура, мүкәммал болмағанда;
- 3) өнімді өндіруге қойған кезде оның-нормативтік-техникалық құжаттамасы

б о л м а ғ а н д а ;

4) халық үшін ықтимал қауіп төндіретін, өндіріске алғашқы рет енгізілетін және бұрын пайдаланылмаған заттар мен олардың негізінде дайындалған материалдар мен препараттардың мемлекеттік тіркеуі болмағанда;

5) жаңа өнім өндірісте және шығарылатын өнімнің жекелеген ингредиенттерін ауыстыруға санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды болмағанда ;

6) тыйым салынған тамақ қоспаларын, ингредиенттер мен шикізаттарды п а й д а л а н ғ а н д а ;

7) жұқпалы аурулардың немесе жаппай жұқпалы емес аурулар мен уланулардың пайда болуы және таралу қаупі төнгенде.

6. Осы Ереженің 4 және 5-тармақтарында санамаланған бұзушылықтар анықталған кезде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар санитарлық-эпидемиологиялық тексеру актісіндегі себептерді көрсете отырып, өнімді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, өндіруге, қолдануға немесе сатып алуға тыйым салады және тиісті шараларды қабылдау үшін материалдар дайындайды.

7. Объективті эпидемиологиялық айғақтар болған кезде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар белгіленген тәртіппен өнімнің үлгілерін санитарлық-эпидемиологиялық с а р а п т а у ғ а ж і б е р е д і .

8. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың нәтижесі бойынша қауіпті деп танылған немесе жұқпалы аурулардың немесе жаппай жұқпалы емес аурулар мен уланулардың туындау және таралу қауіпін төндіретін өнім заңнамада белгіленген тәртіппен жоюға, кәдеге жаратуға немесе қайта өңдеуге, ал әкелінгені - Қазақстан Республикасынан тыс әкетуге жатады.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитарлық-карантиндік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар өнімді әкелуге тыйым салу жөніндегі іс-шаралар жүргізуді үйлесімді әрі шекаралық, кедендік, көліктік, ветеринариялық және фитосанитарлық бақылау органдарының бөлімшелерімен өзара іс-әрекетте жүргізеді.